

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІК
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ**
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
**Занды тұлғаға (филиал мен өкілдікке)
мемлекеттік (есептік) қайта тұрғызу**
жүргізілді
№ 1602400004320
2018-08-08
Алғашы тіршілгендегі
2065 - 1917 - 01 - 0001
ЭПН



**«Шығыс Қазақстан облысының
мемлекеттік сатып алу және
коммуналдық меншік
басқармасы» ММ
2019 жылғы «25» қараша
№ II-949 бұйрығымен бекітілді**

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Ақ ниет» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу функциясын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.
3. Мекеме «Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 190 қаулысымен құрылды, «Білім беру ұйымдарын қайта атап туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 310 қаулысымен қайта аталды.
4. Мекеменің құрылтайшысы: Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) болып табылады.
7. Мекеменің атапу: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Ақ ниет» мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
8. Мекеменің орналасқан жері: 070010, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Севастопольская көшесі, 6\2.

2-тарау. Мекеменің заңды мәртебесі

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес тәңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Жергілікті атқарушы орган тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша аумактық қазынашылық бөлімшесінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

13. Мекеме қызметінің мәні білім беру саласындағы оқу-тәрбие қызметі, Мекемеде тұрған кезінде түзету-дамыта оқыту және психологиялық-медициналық-педагогикалық оналту болып табылады.

14. Мекеме қызметінің мақсаты тірек-қимыл аппараты, көру, есту және сөйлеу қабілетінің бұзушылықтары бар ақыл-ойы сақтаулы балалар мен жасөспірімдерді оқыту, тәрбиелеу, жан-жақты дамыту, оларды әлеуметтік еңбекке бейімдеуге, әлеуметтендіру мен қоғамға кіріктіруге мүмкіндік беретін дамуындағы ауытқуларды түзету және қалпына келтіру, медициналық оналту болып табылады.

15. Мақсаттарға жету үшін Мекеме келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын Мекеме басшысы бекіткен және Тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес, сонымен қатар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психофизикалық ерекшеліктері мен танымдық қабілеттерін ескере отырып, бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде жасалған бейімделген оқу бағдарламаларын орындау және психологиялық, медициналық-педагогикалық кеңестердің (бұдан әрі-ПМПК) ұсыныстарын ескере отырып «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес жүзеге асыру.

Бастауыш мектепте оқу жылшының нормативтік мерзімі 4 жыл. Окуды ~~тәжілдеган оқушыларға белгіленген үлгідегі табель беріледі;~~

2) типтік оқу жоспарының түзету компоненті пәндерінің мазмұнына ~~сайын~~ түзеу жұмыстарының бағдарламаларын жүзеге асыру;

3) түрлі бағыттағы қосымша білім беру, сонымен қатар кәсіптік білім беру бағыттары бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру және үйірмелер қызметін үйімдастыру;

4) Мекеменің медициналық қызметкерлерімен лицензия негізінде жүзеге асырылатын алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитарлық көмек, ~~медициналық~~ оңалту;

5) тәрбиеленушілердің денсаулығын емдік-профилактикалық оңалтуды үйімдастыру арқылы қолдау: физиотерапиялық процедуralар, шынықтыру, ~~әмбіл~~ дene шынықтыру, массаж және психотерапия;

б) ресурстық қолдауды үйімдастыру, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларды өткізу, ата-аналар (занды өкілдер) және срекше қажеттіліктері бар балаларға инклюзивтік білім беруді жүзеге асыратын жетекші кәсіптік және техникалық білім беру педагогтарына арналған отбасы, ~~арнайы~~ педагогика, психология сұрақтары бойынша кеңестер мен әдістемелік қызметтер үйімдастыру;

7) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын үйімдастыруға, сондай-ақ жан-жақты мүдделері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған тәрбие бағдарламаларын жүзеге асыру.

16. Оқу үрдісіне қатысушылардың (әкімшілік-басқару, педагогикалық кадрам, тәрбиеленушілер, занды өкілдер) құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасымен реттеледі.

17. Мекемеге қабылдау (шығару) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы және ата-аналарының (занды екіншінен) келісімі негізінде жүзеге асады.

Мекемеге Шығыс Қазақстан облысы аумағында тұратын зияткерлік нормасы бастауыш, негізгі, орта білім беру бағдарламасын меңгеруге қабілетті 6 жастан 18 жасқа дейінгі дамуында келесі ауытқушылықтары бар балалар ~~кабылданады~~:

- түрлі этиологиядағы және түрлі дәрежеде байқалатын қимыл болжағыштары бар, балалар ми-сал ауруына шалдыққан, жеке күтімді қажет етпейтін өздігінен жүре алатын, және/немесе арнайы қозғалыс құралдарының жағе/немесе техникалық компенсаторлық (қосалқы) құралдарының көмегімен жүргізу балалар;

- 2-3 дәрежедегі керенждігі бар есту қабілеті нашар балалар;
- жаксы көретін көздің кемшіліктерін түзету мүмкіндігімен 0,05-тен 0,4-ке дейінгі көз жітілігі бар; сондай-ақ жақын қашықтықта оқыған, жазған кезде пайда болатын әлсіздік құбылыстары болған кезде, үдемелі немесе жиі түрде қайталанатын аурулар болған кезде одан да жоғары көрү жітілігі бар;

~~жөнде~~ емдеуді жалғастыру үшін жоғары көз жітілігімен (0,4-тен жоғары) ~~жыныстыры~~ және амблиопиясы бар нашар көретін балалар;

- ота мектептер негізінде арнайы сыныптарда оқитын жақсы көретін ~~жөнде~~ кемшіліктерін түзету мүмкіндігімен 0-ден 0,04-ке дейінгі көз жітілігі бар ~~балалар~~ интернатқа тұруға қабылданады және түзету қолдауына ие болады;

- калыпты есту жағдайындағы жалпы сөйлеудің дамымауы және де ауыр ~~сөйлеу~~ бұзылыстары, оның ішінде алалия, афазия, дизартрия, ринолалия, ~~тұтыну~~ мен басқа да сөйлеу бұзылыстары бар балалар, сондай-ақ кохлеарлық ~~имплантациясы~~ бар балалар.

Бірінші сыныпқа дайындық деңгейіне тәуелсіз, кезекті оқу жылдының I жыркүйегіне алты жасқа толған балалар қабылданады. Бастауыш мектепке ~~баратын~~ балалардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) өтініштері ~~мемлекеттік~~ қызмет көрсету стандартына сәйкес қабылданады.

Тәрбиеленушілерді Мекемеден басқа арнайы білім беру үйіміна ~~аудиологиясы~~ ата-аналарының (басқа да занды өкілдерінің) келісімімен және ~~ПМДК~~ корытындысы негізінде жүзеге асады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді Мекемеден шығару Мекеме ~~басшысының~~ бүйрүгімен келесі жағдайларда ресімделеді:

- ата-аналарының (занды өкілдерінің) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді басқа білім мекемесінде немесе басқа оқу түрі бойынша ~~окуын~~ жалғастыруы жөніндегі ниеті бойынша;

- құқықбұзуышылық әрекеті, өрескел және бірнеше рет Жарғыны бұзғаны ~~үшін~~ педагогикалық кеңестің шешімі бойынша.

Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару ~~коррекциялық~~ және қамқоршылық органдының келісімімен қабылданады.

18. Кәсіптік-техникалық білім беру үйімдарының инклузивтік топтарында оқитын тәрбиеленушілердің кәсіптік білім алып біткенше Мекемеде тұруына рұқсат етіледі.

Занды өкілдері каникул уақытында, демалыс және мереке күндері Мекеме әкімшілігіне алдын ала ескертіп, балаларды тұратын мекенжайы бойынша үйіне алып кетуге құқылы және Мекемеге белгіленген мерзімде алып келуте міндетті.

19. Топтағы балалар саны арнайы білім беру үйімдарының үлгілік ережелеріне сәйкес анықталады. Тәрбиеленушілердің топтары дәрігердің ~~психикалық~~-физиологиялық дамуы мен медициналық көрсеткіштеріне қарай берген ұсыныстары негізінде бұзуышылықтарының белгілері және олардың тұру жағдайына бейімделуіне қарай құрылады. Еңбекке оқыту, емдік дene ~~шыныктыру~~ сабактарында тәрбиеленушілер екі топқа бөлінеді.

20. Мекемеде білім беру және тәрбиелеу ата-аналардың (занды өкілдерінің) келісімімен мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асады.

21. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін оқу жылдының басталу ~~және~~ аяқталу уақыты, оқу жылы мен каникулдардың ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық

көзді емдеуді жалғастыру үшін жоғары көз жітілігімен (0,4-тен жоғары) кылилығы және амблиопиясы бар нашар көретін балалар;

- ота мектептер негізінде арнайы сыныптарда оқытын жақсы көретін көздің кемшіліктерін түзету мүмкіндігімен 0-ден 0,04-ке дейінгі көз жітілігі бар балалар интернатқа тұруға қабылданады және түзету қолдауына ие болады;

- қалыпты есту жағдайындағы жалпы сөйлеудің дамымауы және де ауыр сөйлеу бұзылыстары, оның ішінде алалия, афазия, дизартрия, ринолалия, тұтығу мен басқа да сөйлеу бұзылыстары бар балалар, сондай-ақ кохлеарлық имплантациясы бар балалар.

Бірінші сыныпқа дайындық деңгейіне тәуелсіз, кезекті оку жылышын 1 қыркүйегіне алты жасқа толған балалар қабылданады. Бастауыш мектепке баратын балалардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) өтініштері мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес қабылданады.

Тәрбиеленушілерді Мекемеден басқа арнайы білім беру үйымына ауыстыры ата-аналарының (басқа да занды өкілдерінің) келісімімен және ПМПК қорытындысы негізінде жүзеге асады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді Мекемеден шыгару Мекеме басшысының бұйрығымен келесі жағдайларда ресімделеді:

-ата-аналарының (занды өкілдерінің) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді басқа білім мекемесінде немесе басқа оку түрі бойынша окуын жалғастыруы жөніндегі ниеті бойынша;

- құқықбұзушылық әрекеті, өрескел және бірнеше рет Жарғыны бұзғаны үшін педагогикалық кеңестің шешімі бойынша.

Жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды шыгару корғаншылық және қамқоршылық органының келісімімен қабылданады.

18. Кәсіптік-техникалық білім беру үйымдарының инклузивтік топтарында оқытын тәрбиеленушілердің кәсіптік білім алып біткенде Мекемеде тұруына рұқсат етіледі.

Занды өкілдері каникул уақытында, демалыс және мереке күндері Мекеме әкімшілігіне алдын ала ескертіп, балаларды тұратын мекенжайы бойынша үйіне алып кетуге құқылы және Мекемеге белгіленген мерзімде алып келуге міндетті.

19. Топтағы балалар саны арнайы білім беру үйымдарының үлгілік ережелеріне сәйкес анықталады. Тәрбиеленушілердің топтары дәрігердің психикалық-физиологиялық дамуы мен медициналық көрсеткіштеріне қарай берген ұсыныстары негізінде бұзушылықтарының белгілері және олардың тұру жағдайына бейімделуіне қарай құрылады. Еңбекке оқыту, емдік дene шынықтыру сабактарында тәрбиеленушілер екі топқа бөлінеді.

20. Мекемеде білім беру және тәрбиелеу ата-аналардың (занды өкілдерінің) келісімімен мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асады.

21. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін оку жылышын басталу және аяқталу уақыты, оку жылы мен каникулдардың ұзақтығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық

нығайтуға, емдік-қалыпқа келтіре оңалтуға, диспансерлеуге, алдын алу шараларын жүргізуге жауапты болады, санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, дene тәрбиесі мен шынықтыру, тамактандыру, сонымен қатар диеталық тамақтандыруды бақылайды.

Медициналық қызметкерлер педагогтарға тәрбиеленушілердің денсаулығын, даму ерекшелігін ескере отырып сараланған және жеке тұрғыдан жұмысты ұйымдастыруға, медициналық-педагогикалық түзету, еңбекке баулу профилін тандау, жұмысқа орналастыру, ата-аналарға (занды өкілдеріне) аурушаңдықтың алдын алу мақсатында үй жағдайында сақтау режимін ұстану жақеттілігі бойынша кеңес береді.

Медициналық қызметкерлер емдік-сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығын қорғау мақсатында жұмыс қабілеттілігі төмен балалармен сабак өткізуде женілдетілген режимді ұсына алады. Сабак кестесімен келісілген жағдайда емдеу курсымен белгіленген процедуralар әр балаға жеке жоспарланады.

Басқа дәрігерлердің емдік-кеңес беру көмегі қажет болған жағдайда Мекеменің тәрбиеленушілері бекітілген жақын маңдағы емханада көрсетіледі.

29. Мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

30. Қазақстан Республикасының зандарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын түрде шектелген немесе басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле, Мекеме қызметінің мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Тиісті саланың уәкілетті органының, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының, Жергілікті атқарушы органдың не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тaraу. Мекемені басқару

31. Мекемені жалпы басқаруды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

32. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының занднамасында белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің Жарғысина өзгерістер мен толықтырулар енгізуіді келіседі;
- 2) Мекеменің қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен екілеттік мерзімін, Мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 5) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 6) Мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 7) Мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындейды және лауазымынан босатады;

8) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

9) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;

10) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

33. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Мекеме Жарғысын, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуі бекітеді;

3) Тиісті саланың уәкілетті органының келісімімен Мекемеге бекітілген мүлікті алуды немесе оны басқа мемлекеттік заңды тұлғаларға қайта таратуды жүзеге асырады;

4) осы Жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

34. Мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады.

35. Басшы Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттер оның өз қызметтерінің жүзеге асырылуына жеке жауапты.

36. Мекеме басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

37. Мекеме басшысының Мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

38. Мекеме қызметін жүзеге асыру барысында Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мұддесін білдіреді;

3) келісім-шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Мекеменің іс-сапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлердің казақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банкте есеп-шоттар ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндettі бұйрықтар шығарады және ұсқаулар береді;

8) Тиісті саланың уәкілетті органы тағайындастының қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Тиісті саланың уәкілетті органымен келісе отырып бухгалтерді лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндettері мен өкілеттіктер аясын айқындауды;

11) Мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелей және жазалау шараларын қолданады;

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Жарғымен және Тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

39. Мекеменің алқалық басқару нысаны педагогикалық кеңес қызметі мен қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережелеріне сәйкес Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес болып табылады.

5-тарау. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

40. Мекеме мүлкінің құнын оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналар:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

41. Мекеме бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен алған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

42. Егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбеген болса, Мекеме қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен Тиісті саланың уәкілетті органы арқылы жүзеге асырылады.

43. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

44. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және оған ревизия жасауды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Тиісті саланың уәкілетті органы, Жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

6-тарау. Мекемедегі жұмыс тәртібі

45. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

46. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу Жергілікті атқарушы органның немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі және «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аймақтық тіркеу органдарында мемлекеттік тіркеу тәртібінен өтеді.

8-тарау. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

47. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.

48. Мекеме заңнамалық актілермен қарастырылған басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

49. Мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды Тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

50. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Мекеменің қалған мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

51. Таратылған Мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, тиісті бюджет кірісінің есебіне аударылады.

9-тарау. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

52. Мекемеде еншілес бөлімшелер мен өкілдіктері жоқ.

**Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасының
«Ақ ниет» мектеп-интернаты» КММ
директоры**

**Келісілді:
«Шығыс Қазақстан облысының
білім басқармасы» ММ
басшысы**

С. Кривицкая



С. Жумадилова